

## Әлеуметтік келісімшарттың үлгілік нысандарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 544 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 13 шілдеде № 13917 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 8 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.02.2017 № 8 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кәсіптік оқытуға жіберу бойынша;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу бойынша;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Жастар практикасына жіберу бойынша;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қоғамдық жұмыстарға жіберу бойынша ;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Азаматтардың және оралмандардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу бойынша;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Кәсіптік оқытуға арналған мемлекеттік гранттар беру бойынша;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қысқарған жұмыс уақыты үшін білікті қызметкерлердің жоғалтқан табысының үштен екі бөлігін уақытша субсидиялау бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарттардың үлгілік нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрі

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 20 маусымдағы  
№ 544 бұйрығына  
1-қосымша

Нысан

**Кәсіптік оқытуға жіберу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (ХЖО директорының  
лауазымы, тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болса)

---

бір тараптан және бұдан әрі "Оқушы" деп аталатын

---

(Оқушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын  
куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

екінші тараптан және бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын

\_\_\_\_\_ негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_  
(ереже, жарғы және т.б.) (ұйымның атауы, кәсіпорын)

атынан \_\_\_\_\_ үшінші тараптан және  
(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

бұдан әрі "Оқытуды өткізетін ұйым" деп аталатын

\_\_\_\_\_ негізінде қызмет ететін  
(ереже, жарғы және т.б.)

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

---

(білім беру ұйымның атауы) (уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)

төртінші тараптан төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты

(бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

## **1. Келісімшарттың мәні**

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы Оқушыны кәсіптік оқытуға, ал Оқушы халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Келісімшартта, кәсіптік оқыту шартында және оқытуды өткізетін ұйымның ішкі тәртібімен айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік оқытудың өзіне белгіленген түрінен өтуге міндеттенеді. Келісімшарт шеңберінде Оқушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары:

---

\_\_\_\_\_ ұсынылады.

(Оқушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілсін)

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы, Оқушы, ал Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы \_\_\_ шілдедегі № \_\_\_ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_ болып тіркелген) бекітілген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген жағдайларда Оқушыны жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін Жұмыс беруші және Оқытуды өткізетін ұйым (бұдан әрі – тараптар) болады.

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 \_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_ бұйрығының негізінде жасалды.

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Оқушыны \_\_\_\_\_ Оқытуды өткізетін ұйымға  
(Оқытуды өткізетін ұйымның атауын көрсетілісін

---

(Оқушы алатын мамандық (кәсіп) немесе біліктілігін арттыру

көрсетілісін)

алу үшін (біліктілігін арттыру үшін) \_\_\_\_\_ мерзімімен өтетін

(оқу кезеңі)

кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға (қажеттісінің астын сызу) жібереді;

2) Оқушыға Қағидаларда айқындалған тәртіпте, жағдайларда және шарттарда оқуға материалдық көмек көрсетеді;

3) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

4) оқытуды өткізетін ұйымға Оқушыны кәсіптік оқыту жөніндегі қызметтердің ақысын уақтылы және толық көлемде төлейді;

5) тараптарға кәсіптік оқыту және жұмысқа орналасу мәселелері жөнінде консультация береді;

6) кәсіптік қызметті бағалау бойынша біліктілік емтихандарына қатысады;

7) Жұмыс берушінің, Оқытуды өткізетін ұйым мен Оқушының Келісімшартта айқындалған міндеттерді орындау мониторингін жүзеге асырады;

8) Келісімшарт тараптарынан тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады және алады;

9) тараптардан Келісімшарттың, кәсіптік оқытуға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді;

10) Оқытуды өткізетін ұйымның кәсіптік оқыту жөнінде нақты көрсеткен қызметтерінің көлеміне барабар ақы төлеу бойынша қайта есептеу жүргізеді, сондай-ақ Келісімшарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда Оқушыдан осы қызметтер көлемінің құнын және кәсіптік оқытуға арналған материалдық көмектің төленген сомаларын бюджетке өтеуді талап етеді.

5. Оқушы:

1) кәсіптік оқытудан өтеді;

2) оқытатын ұйымның ішкі тәртіп талаптарын сақтайды;

3) дәлелді себепсіз сабақтан қалмайды;

4) Келісімшарт тараптарының сұратуы бойынша, тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде ұсынады;

5) Оқушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді адал атқарады;

6) басқа тұрақты жұмысқа орналасу, әскери қызметке шақырылу, сот шешімі бойынша бас бостандығынан айрылу, қайтыс болу, жүкті болу, сондай-ақ оқу бағдарламасын толық көлемде игеруге мүмкіндік бермейтін ұзақ емделуді қажет ететін ауру мен науқастану жағдайларын қоспағанда, Оқушы қорытынды аттестаттауды және біліктілік емтихандарын қайта тапсыра алмаған немесе жұмыс беруші мәлімдеген жұмыс орнына орналасудан бас тартқан жағдайда, материалдық көмекке және стипендияға төленген сомаларды қоса алғанда, оқуға жұмсалған іс жүзіндегі шығыстарды бюджетке қайтарады;

7) кәсіптік оқытудан өтуге кедергі келтіретін жағдайлардың туындағаны туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарды хабардар етеді;

8) кәсіптік оқыту және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша консультациялар алады;

9) кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының тізбесінен білім беру ұйымдарын не оқу орталықтарын, білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілердің оқу орталықтарын таңдайды;

10) оқытуға арналған материалдық көмекті Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте алады;

11) Келісімшарт тараптарынан Келісімшарттың, кәсіптік оқыту шартының уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді.

6. Оқытуды өткізетін ұйым:

1) Оқушыны \_\_\_\_\_ мамандығы (кәсібі) бойынша

---

(даярлау, қайта даярлау немесе біліктілік арттыру)

нысанындағы кәсіптік оқытуға қабылдайды;

2) өндірістік практикадан өту шарттарын және орнын айқындайды;

3) Оқушының әлеуметтік шартта айқындалған міндеттерін орындау мониторингін жүзеге асырады;

4) есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне қарай Халықты жұмыспен қамту орталықтарына оқудан шығарылған оқушылар туралы ақпаратты және оқушылардың сабаққа келуін есепке алу табелінің көшірмесін ұсынады;

5) Оқушыны түсу емтихандарын тапсырмастан қабылдайды;

6) Халықты жұмыспен қамту орталығымен және жұмыс берушімен келісу бойынша оқушыларды мынадай:

сабаққа дәлелсіз себептермен қатарынан үш оқу күнінен артық қатыспаса;

үлгерімі нашар немесе аралық аттестаттау қанағаттанарлықсыз болса;

Оқытуды өткізетін ұйымның ішкі тәртібін бұзса оқудан шығарады;

7) Оқушының қорытынды аттестаттау және біліктілік емтихандарын өткізеді.

7. Жұмыс беруші:

1) Оқушыны \_\_\_\_\_ мамандығы (кәсібі) бойынша

\_\_\_\_\_ нысанындағы кәсіптік оқытуды

(даярлау, қайта даярлау немесе біліктілік арттыру)

сәтті бітіргеннен кейін алған мамандығы (кәсібі) бойынша

\_\_\_\_\_ жұмыс жасау мерзімімен жұмысқа қабылдайды;

(оқуды аяқтағаннан кейін жұмыс жасау кезеңі)

2) өндірістік практикадан өту орнын

\_\_\_\_\_ (Өндірістік практикадан өту орны)

қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда);

3) өндірістік практикадан өту уақытында тәлімгер бекітеді (қажет болған кезде);

4) кәсіптік оқытудан өту уақытына еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға (ішінара жұмыспен қамтылған) әлеуметтік демалыс береді;

5) кәсіптік оқытудан өту уақытында еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың (ішінара жұмыспен қамтылған) жұмыс орындарын сақтайды;

6) өз өтінімі бойынша кәсіптік оқытуға жіберілген оқушыны жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, материалдық көмекке және стипендия төлеуге жұмсалған сомаларды қоса алғанда оқытуға іс жүзінде жұмсалған шығыстарды қайтарады.

Шығыстар жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістердің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі азайған, сондай-ақ өрт, жер сілкіну, су тасқыны, әскери әрекеттер, мүлікке тыйым салу сияқты төтенше жағдаларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) қайтарылмайды;

7) Оқытуды өткізетін ұйым мен Оқушының әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерін орындау мониторингін жүргізеді;

8) өз өтінімі бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған адамдарды жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы (жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, себептерін көрсете отырып) халықты жұмыспен қамту орталығын хабардар етеді;

9) кәсіптік оқытуға үміткерлерді іріктейді;

10) кәсіптік даярлықты бағалау жөніндегі біліктілік емтихандарына қатысады

8. Кәсіптік оқу мерзімі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_ дейін.

9. Оқу құны \_\_\_\_\_ құрайды.

10. Оқытуды өткізетін ұйым оқушыны шығарған кезде кәсіптік оқыту бойынша іс жүзінде ұсынылған қызметтердің көлеміне ақы төленеді.

11. Оқушы кәсіптік оқытуды мерзімінен бұрын тоқтатқан не жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларда әлеуметтік келісімшарт бұзылады.

12. Халықты жұмыспен қамту орталығы кәсіптік оқытуға жіберген адамдар өздігінен, дәлелсіз себептермен оқуын тоқтатса, халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркелген күннен бастап үш жыл өткен соң оқуға қайта жіберіледі.

13. Халықты жұмыспен қамту орталығы кәсіптік оқыту жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыруды республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен және шегінде және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

### **3. Форс-мажорлық жағдайлар**

14. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкіну, су тасқыны және әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

15. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етеді.

16. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау Тараптарды мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

17. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы \_\_\_\_\_ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

#### **4. Басқа да жағдайлар**

18. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

19. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Оқушы, Жұмыс беруші және Оқытуды өткізетін ұйым қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

#### **5. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері**

**Халықты жұмыспен қамту орталығы Оқушы**

---



(Халықты жұмыспен қамту  
орталығының толық атауы)

(заңды мекенжайы)

(телефон, факс)

(уәкілетті өкілдің тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса))

(қолы)

М.О.

(тегі, аты, әкесінің аты)

(бар болса)

(мекенжайы)

(телефон, факс)

(қолы)

## Жұмыс беруші Оқытуды өткізетін ұйым

(уәкілетті өкілдің лауазымы,  
тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса))

(лауазымы)

(заңды мекенжайы)

(қолы)

М.О. (бар болса)

(уәкілетті өкілдің лауазымы,  
тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса))

(лауазымы)

(заңды мекенжайы)

(қолы)

М.О. (бар болса)

Жұмыс беруші мен Оқытуды өткізетін ұйым құрылтай құжаттарының көшірмелерін, банк деректемелерін қоса береді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 20 маусымдағы  
№ 544 бұйрығына  
2-қосымша

Нысан

**Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (лауазымы, тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса))

---

бір тараптан және бұдан әрі "Жұмыссыз" деп аталатын

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын

құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

екінші тараптан және бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын

\_\_\_\_\_ негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_

(ереже, жарғы және т.б.) (ұйымның атауы, кәсіпорын)

атынан \_\_\_\_\_ үшінші тараптан төмендегі

(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

## 1. Келісімшарттың мәні

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы Жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына, ал Жұмыссыз Жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде құрған әлеуметтік жұмыс орнына Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында, Келісімшартта, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру шартында айқындалған тәртіппен және шарттарда өтуге міндеттенеді. Келісімшарт шеңберінде Жұмыссызға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары: \_\_\_\_\_

---

---

---

ұсынылады.

(Жұмыссызға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілсін)

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы, Жұмыссыз, ал Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы \_\_\_ шілдедегі № \_\_\_ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_ болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген жағдайларда әлеуметтік жұмыс орындарын құратын Жұмыс беруші (бұдан әрі – тараптар) болады.

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығының негізінде жасалды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Жұмыссызды \_\_\_\_\_ бойынша \_\_\_\_\_  
(мамандығы (кәсібі) көрсетілсін) (жұмысқа орналасу кезеңі)

мерзімге әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін

\_\_\_\_\_ жібереді

;

(әлеуметтік жұмыс орнын құратын жұмыс берушінің атауы)

2) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

3) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге Жұмыс берушілер шығындарының бөлігіне өтемақыны уақтылы және толық көлемде жүргізеді;

4) тараптарға әлеуметтік жұмыс орындарын құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультация береді;

5) жыл ішінде қажеттілікке қарай Жұмыс берушіден әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға қосымша өтінімдер қабылдайды;

6) Жұмыс берушілердің бюджет қаражатын мақсатты пайдалануына, жұмысқа орналастырылған азаматтардың міндетті зейнетақы аударымдары болуына мониторинг жүргізеді;

7) Жұмыс берушімен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарт жасасады;

8) Жұмыс берушінің әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерін орындау мониторингін жүзеге асырады;

9) Жұмыссыздың әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылғаны және әлеуметтік жұмыс орындарына қатысуды аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналастырылғаны туралы мәліметтерді жұмысқа орналастырудың жеке картасында көрсетеді;

10) Келісімшарт тараптарынан Келісімшарттың, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді;

11) Келісімшарт тараптарынан тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады және алады.

5. Жұмыссыз:

- 1) әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасады;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының талаптарын сақтайды;
- 3) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;
- 4) әлеуметтік жұмыс орнынан өтуге кедергі келтіретін жағдайлардың туындағаны туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарды хабардар етеді;
- 5) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді адал атқарады;
- 6) әлеуметтік жұмыс орындарын құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультациялар алады;
- 7) Жұмыс берушімен жеке еңбек шартын жасасады;
- 8) тараптардан Келісімшарттың, жұмыссыздары жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді.

6. Жұмыс беруші:

- 1) \_\_\_\_\_  
(әлеуметтік жұмыс орнынан өту орны)  
әлеуметтік жұмыс орынын өту орнын қамтамасыз етеді;
- 2) жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы Халықты жұмыспен қамту орталығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде хабардар етеді;
- 3) азаматтармен 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес еңбек шартын жасасады;
- 4) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылар алған табыстарынан жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын ұстауды және аударуды, сондай-ақ әлеуметтік салық төлеуді және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушыларға төленетін жұмыс берушінің табыс түріндегі әлеуметтік аударымдар аударуды жүргізеді;

5) қажет болған жағдайда әлеуметтік жұмыс орнына қатысушыларға өз қаражаты есебінен қосымша үстемеақы төлемін жүргізеді;

6) Халықты жұмыспен қамту орталығының сұратуы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушыларға міндетті зейнетақы аударымдарын растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынады;

7) әрбір әлеуметтік жұмыс орнына қатысушымен қауіпсіздік техникасы бойынша жеке нұсқама өткізеді;

8) қажет болған жағдайда әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушыларды арнаулы киіммен, құрал-саймандармен, инвентарьмен қамтамасыз етеді;

9) Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеді;

10) әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылардың еңбек міндеттерін атқаруы кезінде денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтейді;

11) Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылар жалақысының субсидияланған бөлігіне ақы төлеуге іс жүзіндегі шығыстарды өтейді.

Шығыстар жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістердің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі азайған, сондай-ақ өрт, жер сілкіну, су тасқыны, әскери әрекеттер, мүлікке тыйым салу сияқты төтенше жағдаларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) қайтарылмайды;

12) еңбек кітапшасына әлеуметтік жұмыс орындарынан өту кезеңін енгізеді;

13) бос жұмыс орны пайда болған кезде және Келісімшарт тараптарының келісуімен жасалған еңбек шартының мерзімі аяқталғанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырады;

14) бұл ретте жұмыс беруші тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйықтың көшірмесін Халықты жұмыспен қамту орталығына Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген мерзімдерде жолдайды.

7. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу мерзімі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_ \_\_ бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

8. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған, Жұмыссыз әлеуметтік жұмыс орындарындағы еңбек қызметін мерзімінен бұрын тоқтатқан не жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны

немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларда әлеуметтік келісімшарт бұзылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарындағы еңбек қызметін дәлелсіз себептермен өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздар жұмыссыздар ретінде есептен шығарылады және халықты жұмыспен қамту орталығына қайтадан тіркелген күннен бастап үш ай өткеннен кейін ғана жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қайта қатыса алады.

10. Халықты жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан азаматтарға еңбекақы төлеуге жұмыс берушінің шығындарының бір бөлігін өтеуге субсидиялар беру арқылы республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен және шегінде жүзеге асырады.

11. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруды Жұмыс берушімен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арнап жасалған шарттың және жұмыссыздармен жасалған әлеуметтік келісімшарттың негізінде бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес және осы мақсаттарға көзделген сомалар шегінде халықты жұмыспен қамту орталығы жүзеге асырады.

### **3. Форс-мажорлық жағдайлар**

12. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкіну, су тасқыны және әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

13. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етеді.

14. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау Тараптарды мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі

дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

15. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы \_\_\_\_\_ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

#### **4. Басқа да жағдайлар**

16. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

17. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Жұмыссыз және Жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

#### **5. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері**

##### **Халықты жұмыспен қамту орталығы Жұмыссыз**

\_\_\_\_\_  
(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(қолы)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

##### **Жұмыс беруші**

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(заңды мекенжайы)

(қолы)

М.О. (бар болса)

Жұмыс беруші құрылтай құжаттарының көшірмелерін, банк деректемелерін қоса береді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 20 маусымдағы  
№ 544 бұйрығына  
3-қосымша

Нысан

## Жастар практикасына жіберу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (ХЖО директорының

тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі "Жұмыссыз" деп аталатын

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын

құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

\_\_\_\_\_ екінші тараптан және бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын

\_\_\_\_\_ негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_

(ереже, жарғы және т.б.) (ұйымның атауы, кәсіпорын)

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

(ол бар болса)

\_\_\_\_\_ үшінші тараптан төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:



## 1. Келісімшарттың мәні

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы Жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына, ал Жұмыссыз Жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде құрған жастар практикасына халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Келісімшартта, жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру шартында айқындалған тәртіппен және шарттарда өтуге міндеттенеді. Келісімшарт шеңберінде жұмыссызға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары:

---

---

---

---

ұсынылады.

(Жұмыссызға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілсін)

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы, Жұмыссыз, ал Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы \_\_\_ шілдедегі № \_\_\_ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_ болып тіркелген) бекітілген Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген жағдайларда жастар практикасын ұйымдастыратын Жұмыс беруші (бұдан әрі – тараптар) болады.

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_ бұйрығының негізінде жасалды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Жұмыссызды алған \_\_\_\_\_

(мамандығы (кәсібі) көрсетілсін)

мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында

\_\_\_\_\_ мерзімге жастар практикасына жұмысқа орналасу үшін

(жұмысқа орналасу кезеңі)

\_\_\_\_\_ жібереді  
;

(жастар практикасын ұйымдастыратын жұмыс берушінің атауы)

2) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

3) жастар практикасына қатысушылар туралы мәліметтерге сәйкес жастар практикасына жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуді уақтылы және толық көлемде жүргізеді;

4) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жастар практикасына қатысушылар алған табыстарынан жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын ұстауды және аударуды, сондай-ақ әлеуметтік салық төлеуді және орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін жастар практикасына қатысушыларға төленетін жұмыс берушінің табыс түріндегі шығыстарынан әлеуметтік аударымдар аударуды жүргізеді;

5) тараптарға жастар практикасын құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультация береді;

6) жыл ішінде қажеттілікке қарай Жұмыс берушіден жастар практикасын ұйымдастыруға қосымша өтінімдер қабылдайды;

7) Жұмыс берушілердің бюджет қаражатын мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізеді;

8) Жұмыс берушімен жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарт жасасады;

9) Жұмыссыздың жастар практикасына жұмысқа орналастырылғаны және жастар практикасына қатысуды аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналастырылғаны туралы мәліметтерді жұмысқа орналастырудың жеке картасында көрсетеді;

10) Жұмыс берушінің әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерін орындау мониторингін жүзеге асырады;

11) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратады және алады;

12) тараптардан Келісімшарттың, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді.

5. Жұмыссыз:

1) алған кәсібі (мамандығы) бойынша жастар практикасына жұмысқа орналасады;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының талаптарын сақтайды;

3) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

4) жастар практикасынан өтуге кедергі келтіретін жағдайлардың туындағаны туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарды хабардар етеді;

5) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді адал атқарады;

6) жастар практикасын құру және қаржыландыру мәселелері бойынша консультациялар алады;

7) жеке еңбек шартын жасасады;

8) тараптардан Келісімшарттың, жұмыссыздары жұмысқа орналастыру үшін жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді;

8. Жұмыс беруші:

1) \_\_\_\_\_

(жастар практикасының өту орны)

жастар практикасынан өту орнын қамтамасыз етеді;

2) жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы Халықты жұмыспен қамту орталығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде хабардар етеді;

3) азаматтармен 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес еңбек шартын жасасады;

4) жастар практикасынан өту кезеңін еңбек кітапшасына енгізуге және жасалған еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін жастар практикасына қатысушыға оның талабы бойынша оның жастар практикасынан өтуі туралы пікір (ұсыным хат) ұсынады;

5) жастар практикасына қатысушыға кәсіби білімін және жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі жұмыскерлер арасынан тәлімгер бекітеді;

6) қажет болған жағдайда жастар практикасына қатысушыларға өз қаражаты есебінен қосымша үстемеақы төлемін жүргізеді;

7) әрбір жастар практикасына қатысушымен қауіпсіздік техникасы бойынша жеке нұсқама өткізеді;

8) қажет болған жағдайда жастар практикасына қатысушыларды арнаулы киіммен, құрал-саймандармен, инвентарьмен қамтамасыз етеді;

9) Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеді;

10) жастар практикасына қатысушылардың еңбек міндеттерін орындауы кезінде денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтейді;

11) Жұмыс беруші жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жастар практикасына қатысушылардың жалақысын төлеуге арналған іс жүзіндегі шығыстарды өтейді.

Шығыстар жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістердің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі азайған, сондай-ақ өрт, жер сілкіну, су тасқыны, әскери әрекеттер, мүлікке тыйым салу сияқты төтенше жағдаларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) қайтарылмайды;

12) бос жұмыс орны пайда болған кезде және Келісімшарт тараптарының келісуімен жасалған еңбек шартының мерзімі аяқталғанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырады;

13) бұл ретте Жұмыс беруші тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйықтың көшірмесін халықты жұмыспен қамту орталығына Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген мерзімдерде жолдайды.

7. Жастар практикасына жұмысқа орналасу мерзімі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

8. Жұмыс беруші жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған, жұмыссыз жастар практикасындағы еңбек қызметін мерзімінен бұрын тоқтатқан не жұмыс беруші – заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістердің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі азайған жағдайларда әлеуметтік келісімшарт бұзылады.

9. Осы Келісімшарттың 6-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген жағдайларда еңбек қызметін тоқтатқан адамдарға қалған өтелмеген мерзімін басқа жұмыс берушілерде жалғастыру мүмкіндігі беріледі.

10. Халықты жұмыспен қамту орталығы жастар практикасын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыруды республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен және шегінде және жергілікті бюджет қаражатынан, сондай-ақ жастар практикасына жұмысқа орналасқан алған кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектеріне еңбекақы төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

11. Түлектер қатарындағы жастар практикасына қатысушылардың жалақысын қаржыландыру 6 айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

### **3. Форс-мажорлық жағдайлар**

12. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған өрт, жер сілкіну, су тасқыны және әскери әрекеттер сияқты төтенше жағдайларда немесе күшпен еңсеруге келмейтін жағдайларда (форс-мажор) міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

13. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етеді.

14. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау Тараптарды мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайлардың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама форс-мажорлық жағдайлар жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің шешімімен расталуға тиіс.

15. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдайлар орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы \_\_\_\_\_ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

### **4. Басқа да жағдайлар**

16. Келісімшартқа тараптардың келісімі бойынша қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

17. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Жұмыссыз және Жұмыс беруші қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

## 5. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

### Халықты жұмыспен қамту орталығы Жұмыссыз

\_\_\_\_\_  
(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(қолы)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

### Жұмыс беруші

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

М.О. (бар болса)

Жұмыс беруші құрылтай құжаттарының көшірмелерін, банк деректемелерін қоса береді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 20 маусымдағы  
№ 544 бұйрығына  
4-қосымша

Нысан

**Қоғамдық жұмысқа жіберу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (ХЖО директорының

лауазымы, тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі "Адам" деп аталатын

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын

құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

\_\_\_\_\_ екінші тараптан төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) жасады:

## **1. Келісімшарттың мәні**

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы адамды қоғамдық жұмысқа жұмысқа орналастыруға, ал Адам жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде құрған қоғамдық жұмысқа Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында, Келісімшартта, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру шартында айқындалған тәртіппен және шарттарда өтуге міндеттенеді. Келісімшарт шеңберінде жұмыссызға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары:

\_\_\_\_\_ ұсынылады.

(адамға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілсін)

2. Келісімшарт тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы \_\_\_ шілдедегі № \_\_\_ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № \_\_\_ болып тіркелген) бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру

қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес Адам (бұдан әрі – тараптар) болады

3. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығының негізінде жасалды.

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Адамды \_\_\_\_\_ бойынша \_\_\_\_\_  
(мамандығы (кәсібі) көрсетілсін) (жұмысқа орналасу кезеңі)

мерзімге қоғамдық жұмысқа орналасу үшін

\_\_\_\_\_ жұмысқа жібереді;  
(қоғамдық жұмысты ұйымдастыратын жұмыс берушінің атауы)

2) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

3) жұмыс берушілер ұсынған мәліметтерге сәйкес қоғамдық жұмысқа қатысатын адамдарға еңбекақы төлеуді уақтылы және толық көлемде жүргізеді;

4) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоғамдық жұмыстарға қатысушылар алған табыстарынан жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын ұстауды және аударуды, сондай-ақ әлеуметтік салық төлеуді және әлеуметтік аударымдар аударуды жүргізеді;

5) тараптарға қоғамдық жұмыстарды құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультация береді;

6) жыл ішінде қажеттілікке қарай Жұмыс берушіден қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға қосымша өтінімдер қабылдайды;

7) Жұмыс берушімен қоғамдық жұмыстар ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарт жасасады;

8) Жұмыссыздың қоғамдық жұмысқа жұмысқа орналастырылғаны және қоғамдық жұмысқа қатысуды аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналастырылғаны туралы мәліметтерді жұмысқа орналастырудың жеке картасында көрсетеді;

9) Жұмыс берушінің әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерін орындау мониторингін жүзеге асырады;



10) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды тараптардан сұратады және алады;

11) Тараптардан Келісімшарттың, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді.

5. Адам:

1) қоғамдық жұмысқа жұмысқа орналасады;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының талаптарын сақтайды;

3) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды тараптардың сұратуы бойынша уақтылы және толық көлемде ұсынады;

4) қоғамдық жұмыстан өтуге кедергі келтіретін жағдайлардың туындағаны туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарды хабардар етеді;

5) өзіне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді адал атқарады;

6) қоғамдық жұмыстарды құру және қаржыландыру мәселелері жөнінде консультациялар алады;

7) жеке еңбек шартын жасасады;

8) тараптардан Келісімшарттың, жұмыссыздары жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етеді.

6. Қоғамдық жұмысқа жұмысқа орналасу мерзімі: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін.

7. Қоғамдық жұмыстарға қатысуды дәлелсіз себептермен өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздар, олардың есебінен шығарылады және халықты жұмыспен қамту орталығында қайта тіркелген күннен бастап үш ай өткеннен кейін ғана қоғамдық жұмыстарға қайта жіберілуі мүмкін.

8. Халықты жұмыспен қамту орталығы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыруды жергілікті бюджет қаражаты есебінен және шегінде және жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша олардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

9. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10. Орындалатын жұмыстың күрделілігіне қарай Жұмыс беруші қажет болған жағдайда нақты орындалған жұмыс үшін өзінің жеке қаражаты есебінен қосымша үстемеақы белгілейді.

11. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін жұмыссыздарға есептелген жалақыға 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салынады.

